

**МҰНАЙЛЫ АУДАНЫ БОЙЫНША МОНИТОРИНГ ТОБЫ
МҮШЕЛЕРІМЕН ӨТКІЗІЛГЕН
ЖИНАЛЫС ХАТТАМАСЫ №2**

Күні: «03» ақпан 2026 жыл

Өткізілген орны: Whats appмессенджері арқылы онлайн форматта

Төраға: Бөлім басшысы Жубанов Сагатбек Орынғалиевич

Қатысқандар:

Мониторинг тобының мүшелері: Г.Мурадалиева, Р.Жасақова, Б.Зулкарнаева, Р.Мусаева, В.Саргулова Г.Худайбергенова, С.Хантореев, К.Исмайлова

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Мониторинг тобы мүшелерінің ай сайынғы зерделеуге шығу графигі
2. Мониторинг жұмысының алгоритмі туралы

1-мәселе бойынша:

Тыңдалды:

Бөлім басшысы С.Жубанов мониторинг жұмысының негізгі алгоритмімен таныстырды. Мониторинг барысында мектеп асханаларына жоспарлы түрде шығу қажеттігі, тексерулердің жүйелі және үйлесімді жүргізілуі, сондай-ақ мониторинг тобы мүшелерінің бір-бірінің жұмыс уақытымен санасып, алдын ала келісілген кесте негізінде әрекет етуі маңызды екені атап өтілді. Мониторинг жұмыстарының тиімділігін арттыру мақсатында әрбір нысанға шығу бекітілген жоспарға сәйкес жүзеге асырылуы, қайталанатын немесе ретсіз тексерулерге жол берілмеуі қажет екені ескертілді. Мониторинг жүргізу аяқталған соң құжаттамамен жұмыс және қорытынды есеп дайындау талаптары түсіндірілді.

Сөйлегендер:

Мониторинг тобы мүшелері (қысқаша пікірлері)

Шешім:

1. Мониторинг жұмысы бекітілген алгоритмге сәйкес жүргізілсін;
2. Әрбір мониторинг кезеңі белгіленіп, уақтылы және сапалы орындалсын;
3. Мониторинг нәтижелері бойынша қорытынды ақпарат белгіленген мерзімде ұсынылсын.

2-мәселе бойынша:

Тыңдалды:

Бөлім басшысы мониторинг тобы мүшелерінің функционалдық міндеттеріне кеңінен тоқталды. Мониторинг барысында кәсіпкерлермен жиналыс өткізілмейтіні, тек бақылау, талдау және зерделеу жұмыстары жүргізілетіні нақты айтылды. Қызметтік әдеп нормаларын сақтау, этикалық талаптарды бұзбау, мониторинг жүргізу кезінде бейтараптық пен объективтілік қағидаларын қатаң ұстану қажеттігі ерекше назарға алынды. Бөлім басшысы мониторинг тобы мүшелерінің міндеттерін нақтылап өтті.

Сонымен қатар, қызметтік әдеп нормаларын сақтау, бейтараптық пен объективтілік қағидаларын ұстану қажеттігі ескертілді.

Сөйлегендер:

Мониторинг тобы мүшелері

Шешім:

1. Мониторинг тобы жоспарға сәйкес жұмыстар атқарсын.
2. Мониторинг тобы мүшелері өздеріне жүктелген міндеттерді қатаң сақтасын;
3. Кәсіпкерлермен жиналыс өткізуге жол берілмесін;
4. Мониторинг барысында әдеп нормалары, қызметтік этика және заң талаптары қатаң сақталсын;
5. Әрбір мониторинг мүшесі жеке жауапкершілікпен жұмыс атқарсын.
6. Кейбір ережелер, түсіндірулер қажет болған жағдайда Мұнайлы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының мамандарымен байланысын және аталған басқармамен мониторинг мамандарына қажеттілігіне қарай білімдерін жетілдіру бойынша семинарлар ұйымдастырылсын.

Төраға _____ /қолы/
Хатшы: _____ /қолы/

